

## Анықтама

### Жас маманың сабақ жоспарын тексеру

Сабақты жоспарлау – сыныптағы оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған мұғалім қызметінің ажырамас бөлігі. Сабақты жоспарлау мұғалімге уақытты, ресурстарды, материалдар мен оқыту әдістерін оңтайлы пайдалануға, оқушыларды оқу үдерісіне тарту стратегияларын таңдауға мүмкіндік береді. Жоспарлау мұғалімдер үшін олар алғысы келетін оқытуды ұсынуға және осы көзқарасты сыныпта шындыққа айналдыру үшін оқу үдерісінің барлық элементтерін қалай біріктіру керектігін талдауға көмектесетін құрал.

Тәлімгер Аппасова Г.Ш. жас маман Турекулова М.С. қыркүйек айында әдістемелік нұсқау хат, нормативтік құжаттармен және қазақ тілі пәні бойынша оқу бағдарласымен таныстырды.

Күнтізбелік — тақырыптық жоспарды және қысқа мерзімді жоспарды дұрыс құрастыруға көмек көрсетті.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрудың негізгі міндеттерімен таныстырды:

1. сабақтың тақырыбын анықтау;
2. әр тақырыпты меңгерудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
3. оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
4. тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары бойынша түрлі жұмыс түрлерін дайындау;
5. төрт дағдыны қалыптастыру үшін ұсынылатын оқу материалдарымен ресурстарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп алу;
6. уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру;
7. жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру;
8. сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау;
9. оқушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;

10. тақырыпты пысықтау үшін үй тапсырмасын әзірлеу.

Жас маман қысқа мерзімді сабақты жоспарлау барысында сабақтың мақсаттарын таңдауды, осы мақсаттарға жету үшін оқу іс-әрекетінің түрлерін дұрыс таңдауда қиналады. Ағымдағы сабақ пен алдағы сабақтар арасындағы байланыстарды дұрыс қарастыра алмайды.

Ұсыныстар:

1. сабақты жоспарлауда сабақтың нақты мақсаттарын анықтау;
2. сабақты жоспарлауда оқушылардың қабілеттерін ескеру;
3. ағымдағы сабақ пен алдағы сабақтар арасындағы байланыстарды үнемі қарастырып отыру.

Тәлімгер



Аппасова Г.Ш.